



Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
«Қаржы орталығы» АҚ

Жас мамандардың және PhD философия докторларының жұмысқа орналастырылуын мониторингілеу

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 17-тармағына, сондай-ақ Маманды жұмысқа жіберу қағидаларына (2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 ҚР ҰҚ)

Мына азаматтарға үшжылдық жұмыспен өтеу міндеті
жүктелген:



ЖОО-ны бітіргеннен кейін 3 жыл

1. АУЫЛ КВОТАСЫ

Ауыл квотасы бойынша педагогтік, медициналық және ветеринариялық мамандықтарға оқуға түскендер (бакалавриат, интернатура)

2008 жылдан бастап оқуға түскендер

ҚАЙДА ЖҰМЫСТЫ ӨТЕУГЕ ТИІС?

Педагогтік
мамандықтар



Ауылдық жердегі
БІЛІМ БЕРУ
ұйымында

Медициналық
мамандықтар



Ауылдық жердегі
ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ұйымында

Ветеринариялық
мамандықтар



Ауылдық жерде
орналасқан
ВЕТЕРИНАРИЯ
саласындағы ұйымдарда

2. МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша педагогтік, медициналық мамандықтарға оқуға түскендер

2012 жылдан бастап оқуға түскендер
ҚАЙДА ЖҰМЫСТЫ ӨТЕУГЕ ТИІС?

Педагогтік
мамандықтар



БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМЫ

Медициналық
мамандықтар



ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ҰЙЫМЫ

3. МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ (PhD философия докторлары)

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде философия докторы (PhD)
бағдарламасы бойынша оқуға түскендер

2012 жылдан бастап оқуға түскендер
ҚАЙДА ЖҰМЫСТЫ ӨТЕУГЕ ТИІС?

Барлық мамандықтар



Жоғары және жоғары оқу
орнынан кейінгі білім беру
ұйымдарында (ЖОО-ларда)



ҒЫЛЫМИ ҰЙЫМДАРДА

4. МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ (басқа мамандықтар)

*Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша
БАСҚА МАМАНДЫҚТАРҒА оқуға түскендер*

2017 жылдан бастап оқуға түскендер

ҚАЙДА ЖҰМЫСТЫ ӨТЕУГЕ ТИІС?

Барлық мамандықтар мен санаттар (бакалавриат,
магистратура)



Меншік нысанына қарамастан ұйымдарда жұмысты өтейді

Жұмысқа бөлу

1. Жас мамандарды және философия докторларын (PhD) жұмысқа жіберу мақсатында оларды дербес бөлу жүзеге асырылады
2. Бөлу жөніндегі комиссиялар жыл сайын жұмысқа дербес бөлу үшін жас мамандар мен философия докторлары (PhD) оқу бітіретін Қазақстан Республикасының тиісті жоғары оқу орындарының жанынан құрылады.
3. Тиісті Бөлу жөніндегі комиссияға дәлелді себепсіз келмеген жас мамандар және/немесе философия докторлары (PhD) олардың қатысуынсыз бөлінеді.

Жас мамандарды жұмысқа бөлу тәртібі

Жұмысқа бөлу және жіберу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- ЖОО-ларда жас мамандарды жұмысқа дербес бөлу жөніндегі комиссиялар құрылады;
- Жұмысқа бөлу жас маманның алдағы уақытта жұмысқа орналасатындығы және ол жұмыс орнына келгенге дейін жұмыс орны сақталатындығы туралы жұмыс берушінің өтінішхаты негізінде жүзеге асырылады.
- Жұмысқа бөлу кезінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда бөлу жөніндегі комиссиялар жас мамандарды жұмысты өтеу мерзімінде жұмыссыз ретінде есепте болған уақытты есептей отырып, тікелей тұрғылықты жеріндегі халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуге тұруға жібереді.
- Ағымдағы жылы оқуын бітірген жас мамандар 1 қыркүйектен кешікпей жұмыс орнына жолдама бойынша келеді.

Философия докторларын (PhD) жұмысқа бөлу тәртібі

Жұмысқа бөлу және жіберу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- ЖОО-ларда философия докторларын (PhD) жұмысқа дербес бөлу жөніндегі комиссиялар құрылады;
- Философия докторларын (PhD) дербес бөлу ұсынылған ЖОО-лар мен ғылыми ұйымдардың кадрлардағы қажеттілігі туралы өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.
- Жұмысқа бөлу кезінде бос жұмыс орындары болмаған жағдайда бөлу жөніндегі комиссиялар философия докторларын (Phd) жұмысты өтеу мерзімінде жұмыссыз ретінде есепте болған уақытты есептей отырып, тікелей тұрғылықты жеріндегі халықты жұмыспен қамту орталығына жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуге тұруға жібереді.
- Ағымдағы жылы оқуын бітірген философия докторлары (PhD) 1 қыркүйектен кешікпей жұмыс орнына жолдама бойынша келеді.

*2021 жылғы 8 қаңтардағы № 410-VI заңмен «Білім туралы»
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар
енгізілді, оларға сәйкес:*

- ҚР азаматтары жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін:
- 1) ақылы негіздегі оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысқан;
- (2012 жылдан бастап оқуға түскен және қазіргі уақытта жұмысты өтеп жүргендерге, яғни өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылады)
- 2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқудан ақылы негіздегі оқуға ауысқан;
- (2021 жылдан бастап оқуға түскендерге қолданылады)
- 3) ағымдағы немесе келесі оқу жылы ішінде кейіннен қайта қабылдану шартымен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан шығарылған (2021 жылдан бастап оқуға түскендерге қолданылады) жағдайларда осы тармақта көзделген мерзім шегінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша іс жүзінде оқу уақытына мөлшерлес жұмыспен өтейді.
- Жұмыспен өтеу мерзімін анықтау формуласына сәйкес бюджет қаражаты есебінен кеткен шығыстарды іс жүзінде жұмыспен өтелген кезеңге мөлшерлес өтеу көзделген.

БӨЛУ КЕЗІНДЕ ЕҢБЕКПЕН ӨТЕУДІ УАҚЫТША КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКПЕН ӨТЕУДЕН БОСТАУ

Мерзімдік әскери қызметке түскенде немесе шақырылғанда жас маманға жұмысты өтеу мерзіміне қызметті өтеу уақытын қоспастан қызметті өтеу уақытына жұмысты өтеу мерзімі кейін шегеріледі.

(2012 жылғы 30 наурыздағы ҚР ҰҚ-ның 17-тармағы)

1

жұбайы (зайыбы) тұратын, жұмыс істейтін немесе қызметін өтеп жатқан елді мекенде бос жұмыс орны болмаған жағдайда адамдар;

2

I және II топтағы мүгедектер;

3

одан әрі оқуға магистратураға, резидентураға, докторантураға түскен адамдар;

4

жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар, сондай-ақ оны (оларды) жалғыз тәрбиелеп отырған адамдар.

Заңда және осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндетін орындамағаны үшін жас маман және философия (PhD) докторы өздерін оқытуға байланысты бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды білім беру саласындағы уәкілетті органның операторы арқылы бюджетке өтейді.



ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ
ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

- Байланысу тетіктері: 8(7172)69-50-38, 69-50-49, 69-50-56, 69-50-57, 69-50-58
Сайт: <https://fincenter.kz/>
- Электрондық пошта: fincenter@fincenter.kz